

Жылууды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бірқатар облыстарда және әсіресе Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынуды ұтымды ету, оларды есептеу құралдарын орнату жөніндегі тапсырмасының орындалмай отырғанын көрсетті. Республиканың көптеген қалаларында есептеу құралдарымен қазіргі кезде тек санаулы тұрғын үйлер жабдықталған.

"Қазақстан Республикасында энергия үнемдеу саясатын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 474 қаулысымен облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне 1996 жылдың екінші тоқсанының өзінде 1996-1997 жылдары энергия ресурстарын (жылу энергиясы, су, газ) пайдаланудың коммерциялық есеп жүйелерін коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар мен бюджеттік ұйымдар бойынша жоспар-кестесін әзірлеу тапсырылған болатын.

1997 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне "Халыққа көрсетілетін коммуналдық қызметті құралдармен өлшеуді ұйымдастыру және пәтер меншік иелерінің базалық кооперативтерін құру туралы" Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулысын іске асыруға бақылау орнатуды тапсырды.

Алайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұл шешімдері толық орындалмай отыр. Мысалы, Алматы қаласында тұтынылатын коммуналдық қызмет көрсетулердің барлық түрлері бойынша қойылатын талаптарға сай келетін есептеу құралдары тек бір ғана үйде бар.

Осы уақытқа дейін халыққа коммуналдық қызмет көрсетулер үшін 1984-1988 жылдары қолдануға енгізген нормалар бойынша ақы төлеу белгіленген, ал есептеу құралдары орнатылған үйлердегі коммуналдық қызметті нақты тұтыну әлдеқайда төмен.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып:

он күн мерзім ішінде есептеу құралдарының деректеріне сәйкес коммуналдық қызмет көрсетулердің нақты тұтынылуын айқындау жөнінде жұмыс жүргізсін, тұтынудың жаңа нормаларын енгізсін және орындағаны туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын;

1997 жылдың 1 қазанына дейін коммуналдық қызмет көрсетулерді берушілердің есебінен (дара - суық су бойынша, ұжымдық - жылу және ыстық су бойынша), есептеу құралдарының отандық өндірушілеріне артықшылық бере отырып, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі үстіміздегі жылдың 29-30 сәуірінде өткізген тендердің шешімдерін басшылыққа ала отырып бюджеттік ұйымдармен халық үшін есептеу құралдарын сатып алу мен орнатуды қамтамасыз етсін;

коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынуды есептеу құралдарын орнату кестелері бекітілсін;

есептеу құралдары орнатылғанға дейін 1997 жылдың 1 мамырынан бастап есептеу құралдары бойынша есептелген орташа нақты тұтыну көрсеткіштерінің негізінде әзірленген жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларына коэффициенттерді енгізсін;

коэффициенттерді енгізумен бір уақытта коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлемдер бойынша тиісті қайта есептеу жүргізуді қамтамасыз етсін;

пәтерлердің меншік иелері кооперативтерімен бірлесіп есептеу құралдарының құнын кезең-кезеңімен өтеудің шарттары мен кестелерін айқындасын;

коммуналдық қызмет көрсетулерді берушілер арасында бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау және жылу мен судың ысырабын азайту жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

2. Алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.07.10. N 1091 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда вице-министрі екі апта мерзім ішінде жергілікті атқарушы органдар мен халықтың назарына коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормаларына олардың есептеу құралдары арқылы айқындалған нақты тұтынылуына сүйене отырып коэффициенттер есептеу әдістемесін, сондай-ақ есептелген коммуналдық төлемдерді қайта есептеу әдістемесін жеткізетін болсын (бұқаралық ақпарат құралдары арқылы).

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсенов, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеев, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда вице-министрі Н.В.Радостовец бір ай мерзім ішінде жергілікті атқарушы органдардың тиісті елді мекендерде есептеу

құралдарын орнатуды ұйымдастыру жөніндегі жұмысын тексерсін. Тексеру нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында баяндасын.

5. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап коммуналдық қызмет көрсетулері үшін (суық және ыстық су, жылу) ақы алу есептеу құралдарының көрсетуі бойынша жүргізілетін болсын.

6. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі агенттігі 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін республикада есептеу құралдарын мемлекеттік сынақтан өткізуге арналған тіркелген сынақ лабораторияларын құру жөнінде шаралар қабылдасын және оларды салғастыруды ұйымдастырсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке, ал есептеу құралдарын орнатуды ұйымдастыру бөлігінде:

республика бойынша - Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрі В.В.Храпуновқа,

Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 29 мамырдағы
N 889 қаулысына қосымша

Алматы қаласының "Самал-2" ықшам ауданындағы есептеу құралдарымен жабдықталған N 70 үйдегі нақты тұтынуға сүйене отырып есептелген Алматы қаласындағы коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормаларына төмендету коэффициенттері

Коммуналдық қызмет көрсету Төмендету коэффициенті
түрлері

Жылу (Гкал/шаршы м.) 0,425

Ыстық су (л/адам) 0,425

Суық су (л/адам) 0,572